

**Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 25 наурыздағы N 110 "Халықтың мақсатты топтағы жұмыссыздары үшін ұйымдастырылған әлеуметтік жұмыс орындарының тізбесін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 25 қаңтардағы N 155 қаулысы. Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 17 ақпанда N 3-9-115 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі N 246 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық әкімдігінің 2010.04.07 N 246 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабына 5-4 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 25 наурыздағы N 110 "Халықтың мақсатты топтағы жұмыссыздары үшін ұйымдастырылған әлеуметтік жұмыс орындарының тізбесін бекіту туралы" (нормативтік құқық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3-9-97 нөмірімен тіркеліп, 2009 жылғы 20 мамырдағы "Мұғалжар" газетінде жарияланған) қаулысының 1 тармақшасымен бекітілген халықтың мақсат топтағы жұмыссыздары үшін ұйымдастырылатын әлеуметтік жұмыс орындарының тізбесі қосымша мекемелерімен толықтырылып, жаңа редакцияда бекітілсін.

2. "Мұғалжар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ бастығы А. Шотов аудандағы халықтың мақсатты тобына жататын жұмыссыздарды азаматтарды жұмыспен қамту үшін аудандағы меншік түріне қарамастан өзара келісім-шарт негізінде әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Мұғалжар ауданы әкімінің орынбасары Н. Аққұлға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен бастап, он күнтізбелік күн өткен соң қолланысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*С. Шаңғұтов*

### Халықтың мақсатты топтағы жұмыссыздары үшін ұйымдастырылатын әлеуметтік жұмыс орындарының тізбесі

Р/с	Мекеме атауы	Қабылданатын адамдар саны
1	"Лашын" Өндірістік Кооперативі	10
2	"Бастау-Эмба" ЖШС	5
3	Шаруа қожалығы "Нұрбол"	5
4	Жеке кәсіпкер Кадралиева	10
5	Шаруа қожалығы "Есет"	3
6	"En-Gin production" ЖШС	10
7	Жеке кәсіпкер "Ислам"	2
8	"Жемжылу" КММ	10
9	Дүкен "Жадыра"	4
10	Жеке кәсіпкер Сарышова Т.	1
11	Жеке кәсіпкер Тишбаева Г.	2
12	Жеке кәсіпкер Мадина	5
13	Жеке кәсіпкер Курмантаев Д.	2
14	"Мұғалжар ауданының кәсіпкерлерін қолдау орталығы" Қоғамдық қоры	2
	<b>Барлығы</b>	<b>71</b>